



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 98 (8484) Сәрсенбі 12 қазан 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАРСАҢЫНДА

ҰЙЫМ ЖҰМЫСЫНА ОҢ БАҒА БЕРІЛДІ



М.МАНЕКЕЕВ,
"Ауыл жаңалығы".

Өткен аптада "Нұр Отан" партиясы аудандық филиалында Саяси кеңестің Бюро отырысы шақырылып, онда аудандық партия филиалының XIX конференциясын өткізу, күн тәртібіне шығарылатын мәселелер, бастауыш партия ұйымдарының кезекті есеп беру-сайлау жиналыстарын өткізу кестесі мен конференцияға сайланатын делегаттардың өкілдік нормасын бекіту кеңінен талқыланған болатын.

Саяси кеңес Бюро мүшелерінің бірауыздан мақұлдаған Қаулысына негізінде аптаның дүйсенбісінен бастап бекітілген кестеге сәйкес, аталмыш есеп беру-сайлау жиналыстары, атап айтқанда, «Абай», «Аймантөбе», «Ақжар», «Ақшалақ» бастауыш партия ұйымдарынан бастау алды. Жиналыстарға қатысу үшін партия аудандық филиалының Саяси кеңес мүшелері мен ауылдық округ әкімдері бекітілді.

Кестеге сай, алғашқылар қатарында есеп беру-сайлау жиналысы «Абай» бастауыш партия ұйымында өткізілді. Жиынға хатшылық етушілер сайланғаннан кейін, күн тәртібі таныстырылып,



жұмыс регламенті бекітілді. Онда «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы «Абай» бастауыш партия ұйымы Бюросының 2014 жылдың қарашасы мен 2016 жылдың қазаны аралығында атқарған жұмысы туралы бастауыш партия ұйымының төрағасы Қ.Токбергеновтің баяндамасы тыңдалды. Есепті кезеңде 157 мүшесі бар бастауыш партия ұйымы тарапынан «Нұр Отан» партиясының бағдарламалық құжаттарын, мақсат-мүдделерін жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліпті. Қуат Амантайұлы есепті мерзім аралығында партияның негізгі жобалары, атап айтқанда, "Ардагерлерді ардақтайық", "Келергісіз келешек", "Бақытты балалық шақ", "Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту", "Жастар-Отанға!", "Сыбайлас жемқорлығы жоқ ел-өркендеуші ел", "Ұлы Дала елі" жобалары аясында атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды.

"Абай" бастауыш партия ұйымында бірқатар ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар атқарылып, ішкі партиялық жұмыстар жүйеге қойылған.

Дегенмен, бүгінгі күнде партия Төрағасының алға қойған мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, болашақта атқаратын істерді орындауға дайынбыз-деп, сөзін қорытындылады.

Бастауыш партия ұйымы төрағасының баяндамасынан соң партия мүшелері С.Қанқожаев, С.Ибраимова, "Жас Отан" жастар қанатының кеңес мүшесі Р.Ануарбековтер жарыссөзге шығып, "Абай" бастауыш партия ұйымының есепті кезеңде атқарған жұмыстарына оң баға берді. Сондай-ақ жиын барысында күн тәртібіне шығарылған «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы «Абай» бастауыш партия ұйымы Бюросының мүшелерін, бастауыш партия ұйымының төрағасын және орынбасарын, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының XIX есеп беру-сайлау конференциясына делегаттар сайлау туралы мәселелер қаралды.

Осындай күн тәртібіндегі мәселелер қаралған жиындар осы күні «Ақжар» бастауыш партия ұйымында (төрағасы Е.Абилдаев), «Аймантөбе» бастауыш партия ұйымында (төрағасы Т.Қасымов), «Ақшалақ» бастауыш партия ұйымында (төрайымы Ж.Бөйділдаева) өткізілсе, 11 қазан күні «Базарбай» бастауыш партия ұйымында (төрағасы А.Смайлов), "Байзақ" бастауыш партия ұйымында (төрайымы А.Есжанова), "Байланыс торабы" бастауыш партия ұйымында (төрайымы А.Нұрпейісова) және «Газ тарату» бастауыш партия ұйымында (төрайымы Г.Дүйсенбекова) ұйымдастырылды.

Есеп беру-сайлау жиналыстарына «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Байтақова мен «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының Саяси кеңес мүшелері, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып отырды.



Ауыл ТЫНЫСЫ

САРЫКЕМЕР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектебінде мектеп директорының тәрбие, құқық ісі жөніндегі орынбасарлары С.Құсабекова, Р.Есалиев және тәлімгер Т.Ауылбаева, педагог ұйымдастырушы Ж.Эспанованың ықпалымен "Абайлаңыз, балалар!" акциясы өтті. Жас жеткіншектерге жол қауіпсіздігін түсіндіру мақсатында өткірілген іс-шарада жас жол инспекторлары арасында кезекшілік ұйымдастырылып, олар бастауыш сынып оқушыларын үлкен жолдан өткізуге көмектесті. Аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері жолда жүру ережесін түсіндіріп, дәрістер оқыды.

Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектептің оқушылары республикалық "Жүйріктен жүйрік озар жарысқа" байқауына қатысып қайтып, жүлдемен оралды. Атап айтар болсақ, бейнелеу өнері бойынша осы мектептің 4-сынып оқушысы Қ.Бейбіт бас жүлдені қанжығасына байласа, I, II, III орындарды да аталмыш білім ордасының оқушылары Ұ.Әбілда, А.Жұмабаева, Н.Жеткерген жеңіп алды. Мұнымен қоса, мектептің оқушыларынан құралған "Атамекен" ансамблі күй орындап, бас жүлдеге ие болды. М.Ниязхан, Ж.Темірбек, А.Топқарған, Б.Өтеғалиев, Г.Тайжан М.Уалихан, Р.Көбейсін сынды оқушылар да жарыстан құралақан қайтпады. Олар жас ерекшеліктеріне сай вокал, көркемсөз оқу номинациялары бойынша алғашқы үштіктің қатарынан көрінді.

БОТАМОЙНАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ


Ауылдық округте "Тәртіпсіздік пен құқықбұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік" атты кең ауқымды акциясы өткерілді. Онда Ботамойнақ ауылдық округінің жергілікті полиция қызметі, учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Е.Байтақов аталмыш акцияның басты мақсаты, құқық бұзушылықтың алдын алу, әсіресе жасөспірімдер арасындағы заң бұзушылықтарға жол бермеу жайында айтып өтті. Байзақ аудандық ІІБ-нің жергілікті полиция бастығы, полиция капитаны А.Дәуренбеков, ауылдық округ әкімінің орынбасары Т.Байділдаева, ардагер Ә.Бозғұлов өз ойларын бөлісті.

ЖАҢАТҰРМЫС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Көкбастау ауылында "Қалмұрат баба" мешітінің имамы Б.Сағымбаев және Жаңатұрмыс ауылдық округінің әкімі Қ.Шалбаевтың мұрындық болуымен Ақшалақ елді мекеніндегі "Оазис" кафеінде "Қарты бар үйдің - қазынасы бар" мәдени іс-шарасы өткерілді. Ілі шараға Жаңатұрмыс ауылдық округінің ақсақалдарымен ақ жаулықты аналары шақырылып, құрмет көрсетілді. Кең дастархан жайылып, ақ тілектер айтылды. "Қалмұрат баба" мешітінің имамы Б.Сағымбаев "Қарияға құрмет - мұсылмандық асыл міндет" тақырыбында уағыз айтып, қазыналы қариялардың көңілі бір марқайып қалды.

ДИҚАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Диқан ауылында ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, мәдениет үйінің меңгерушісі М.Мамырайымова, кітапханашы Д.Телғараев, ұстаз Л.Сұлтанбекованың ұйытқы болуымен "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" интеллектуалдық ойыны өткізілді. Диқан орта мектебінің 8-сынып оқушылары "Барыс", "Сұңқар" командалары болып бөлініп, өзара сайысты. "Мақал - сөздің мәйегі", "Кім тапқыр?", "Ойлаң, тап" және "Сөз зергері" сындырында тапқырлықтары мен білгірліктерін байқатқан оқушылар арнайы марапаттауға ие болды.



ЭСЕР АЛЫП, ШАБЫТТАН!
ПРИХОДИ
ЗА ВПЕЧАТЛЕНИЯМИ!



2017. 10. 10-11. 2017. 10. 10-11.



В Астане объявлено о дополнительном наборе ВОЛОНТЕРОВ



В Астане стартовал второй этап набора волонтеров "ЭКСПО-2017". К уже прошедшим тестирование 3000 добровольцам присоединятся полторы тысячи. Такая потребность возникла с перспективой проведения ряда крупных международных форумов и мероприятий. В частности, недавно были достигнуты договоренности о проведении туристического форума совместно со Всемирной туристической организацией, а также был подписан меморандум, включающий в себя проведение вечера профессионального бокса и 55 юбилейной Конвенции World Boxing Council, которую посетят делегаты из 165 стран.

Вторая причина - увеличение количества участников. На сегодняшний день свое участие подтвердили 103 страны и 17 международных организаций. Ведется работа еще с несколькими странами.

Кроме того, некоторые специалисты говорят о возможном росте прогнозируемого числа посетителей.

Первыми тестирование пройдут студенты ведущих ВУЗов столицы. Для добровольцев из регионов и г. Алматы собеседования начнутся уже в конце осени.

Стать участником волонтерской деятельности может каждый желающий достигший возраста 18 лет на момент "ЭКСПО-2017", но не старше 80. В числе требований - знание казахского, русского и английского языков. Опыт участия в культурных мероприятиях приветствуется.

Всего к будущему году планируется привлечь более 4500 волонтеров.

ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ЖӘРМЕҢКЕ

М.ШАЛҒЫНБАЙ,
"Ауыл жаңалығы".

Өткен сенбіде Алматы қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құру жөніндегі Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында

Алматы қаласының «Астана» алаңында Жамбыл облысының барлық аудандары мен Тараз қаласының ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің қатысуымен жәрмеңке болып өтті. Аталмыш жәрмеңкеге келген Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек пен Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев сауда қатарларын алап, тауарлардың сапасы мен баға деңгейіне баға берді.

Жамбыл облысы тауар өндірушілерінің қатысуымен өткізілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне біздің аудан да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, Бәйтерек ауылдық округіндегі «Дәурен», Сарыкемер ауылдық округіндегі «Ержан» шаруа қожалықтары, Қостөбе ауылдық округіндегі «Лесняк», «Мамбетова Р» жеке кәсіпкерліктері, Көктал ауылындағы «Жамбыл Құс» ЖШС-і мен Қызыл жұлдыз ауылдық округінде орналасқан «Rola-7» ЖШС-і үш тонна ет өнімдерін (жылқы, сиыр, қой), үш тоннадай сүт өнімдерін, екі тонна шұжық өнімдерін, отыз бір тоннаға жуық көкөністер, екі тонна макарон өнімдерін, төрт жүз литр қымыз

бен шұбат, бес жүз келіден астам кондитер өнімдерін және 5000 дана жұмыртқаны Алматы қаласының тұрғындарына 15-20 пайыз төмен бағамен ұсынды.

Алматы қаласындағы жәрмеңкені жоғары деңгейде өткізу мақсатында Жамбыл облыстық филармониясы үш сағаттық концерт



ұйымдастырды. Сонымен қатар, жәрмеңкеде Алматы қаласының тамақ өнеркәсібі саласында жұмыс атқаратын 40 кәсіпорынның тауарлары сатып алуға ұсынылды.

"Алматыда ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері азық-түлік нарығындағы бағаны тұрақтандыру мақсатында соңғы 8 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Сенбі күнгі Алматы қаласында ұйымдастырылған жәрмеңке барысында біздің өңірдің дихандары мен тауар өндіруші кәсіпкерлері өз өнімдерін 20 пайызға дейінгі төменгі бағамен ұсынып, алматылықтардың алғысына бөленді. Біздің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне шығарған өнімдеріміз толығымен саудаланды", - дейді бізге берген сұхбатында аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Б.Сағынбеков.



3. ӨТЕПБЕРГЕНОВА, енбек ардагері. Сарыкемер ауылы.

Биыл тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойлағалы отырмыз. Тәуелсіздік жылдары қазақ елі саясатта да, экономикада да қарыштап даму жолына қадам басқан, дүние жүзінің барлық мемлекеттерімен терезесі тең, қарым-қатынас орнатқан қуатты елге айналды.

Ел басынан өткерген кешегі 90-шы жылдардағы қиын-қыстау кезеңнің бәрі артта қалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлсіз экономикалық жағдай, жетілмеген саяси реформалар жағдайында Елбасы ел дамуының тура жолын тандай білді.

Қазақстан бүгінде ішкі, сыртқы саясатын тура жолға қойған қуатты мемлекетке айналды. Ел халқының әл-ахуалы жоғары, түрлі ұлттар мен конфессиялар тату-тәтті өмір сүреді. Әсіресе «Қазақстан - 2030» стратегиясы елді өркениеттің теміржолына айналып, Елбасының Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдаулары, мемлекеттік бағдарламалар тәуелсіздігімізді нығайтып, еңсемізді биіктетуге бағытталды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығында Қазақстан әлемнің экономикасы ең үздік 56 елін біріктіретін Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен 57 мүсылман елінің басын қосатын Ислам Ұнтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Қазақстан алғаш рет 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Әлем мемлекеттерінің ең жетекші инновациялық жетістіктерінің көрмесі боп табылатын «ЕХРО-ны» 2017 жылы Астанада өтетін болды. Мұның бәрі де-ел тізгінін берік ұстаған Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының жемісі.

Қуатты да, өркенді және барша қазақстандықтарды біріктіретін Астана-Елбасының қолынан шыққан туынды. Астана мен Елбасы есімі ел назарында егіз ұғым болып қалыптасты. Өйткені, жаңа дәуірдегі жаңа Қазақстанның жаңа астанасының салынуын еліміздің Тұңғыш Президенті-Елбасының қазақ мемлекеттілігін өркенді дамытып, бүкіл әлемге таныту жолындағы



дәуірлік ерлігі деп айтуға да толық негіз бар.

Қазіргі таңда Қазақстан негізгі экономикалық көрсеткіштері, халықтың әл-ауқат деңгейі жөнінен ТМД-да көш бастап келеді. Елімізді мекендейтін сан алуан ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің ынтымағы, татулығы-біздің басты байлығымыз саналады.

Негізі Тәуелсіз Қазақстанның ең асыл құндылығы-өзінің бостандығы мен халқымыздың санғасырлық қаармандық тарихының ажырамас асыл бөлігі. Өйткені ақ патша отаршылығы кезінде тәуелсіздікті аңсаған, жүздеген көтерілістер мен ереуілдер жасап, қынадай қырылған халық батырлары мен қолдан ашаршылық жасап, «халық жауларын» жоюды ұйымдастырған қызылдар қырғынына ұшыраған ұлтымыздың зиялылары, алаш азаматтары, Ұлы Отан соғысы кезінде ерліктің ересен үлгісін көрсеткен аталарымыз бен апаларымыз, XX ғасырдың соңында ұлт мүддесі үшін бас көтерген 86-ның қасіретті кезеңін бастан кешкен өрімдей жас патриоттар азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздік жолындағы мұндай ұмтылыстардың бәрі ел тарихының ең қастерлі парактары ретінде әрқашан жадымызда сақталатын болады. Ел басына күн туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі. Жаугершілік заманда да басы ауған жаққа көшіп жүріп те берекесі мен қазанын ортайтпаған қасиетті, қанағатшыл тал бесік пен

жер бесік арасындағы біреуге ұзақ, біреуге қысқа өмір жолдарында ешкімді өзекке теппей, ұтымды іспен, орамды оймен, терең кемеңгерлікпен, ешқашанда тарылмаған кеңдігімен еліміз бұтағын жайқалтып құшағын кеңейтіп келеді. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» хакім Абай айтқандай, тағдыр жазымымен біздің жерімізде тоғысқан алуан ұлт пен ұлыстың, өзіміздің де береке-бірлік, достығымызды өсіп-өркендеуіміздің алтын қазығы ретінде ұстанып, болашаққа қарай адымдай беруге тиіспіз.

Бүгінгі таңда Байзақ датқаның есімін иеленген аудан жыл сайын көркейіп келеді. 18 ауылдық округте, денсаулық, білім беру, мәдениет және қызмет көрсету салаларындағы атқарылған игілікті істер, тәуелсіздік жылдары бой көтерген мектептер, балалар бақшасы, ауылдық амбулаториялар, тұрғын үйлер, Сарыкемер ауылындағы «Астананың 10 жылдығына атындағы дендробак, сабақта бой көтерген «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» ескерткіші, «Тәуелсіздік» монументі, жаңа аялдамалар, дүкендер, «Батырлар аллеясы», имандылық үйлері, тағы басқалар көңіл қуантады.

Қорыта айтқанда, еліміз осындай жетістіктерге бір күнде қол жеткізген жоқ. Қабырғалы істердің артында мыңдаған қарапайым байзақтықтардың маңдай тері мен төзімі, ерен еңбегі жатыр. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген, біз біріккенде ғана үлкен күш екенімізді уақыттың өзі дәлелдеді.

Ендігі жерде ежелден аңсап, қолымыз жеткен еркіндік баянды болуы үшін бірлік те, тірлік те, ар мен намыс қажет. Арзан күлкі мен аз байлыққа малданбай, ел тәуелсіздігін тұғыры етіп, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолында Елбасы төңірегінде бұрынғыдан да тығыз топтаса түсуге тиіспіз. Ұлы даланың, Қазақстанның, еркін мемлекеттің нағыз азаматы болып өссін десек, өсіп келе жатқан жастарды намысшыл, елін, жерін сүйетін нағыз патриот етіп тәрбиелейік. Олай болса, қиындықпен келген тәуелсіздік рухымызды асқақтатып, болашаққа деген сенімімізді күшейтіп, Отанымыз - тәуелсіз Қазақстанның шаңырағы биік, іргесі берік, көк туымыз биіктен желбірей берсін.

Айтулы ақын еді...

Т. НАРЖАНОВ,
аудандық тарихи-өлкетану
музейінің қызметкері.



Әзімбек Жанқұлиев - елімізге танымал, Тәуелсіздігіміздің қалыптасу жылдарында айтыс өнеріне өзіндік үлес қосқан айтыскер-ақын. Ол сонымен қатар, Ауған соғысына қатысқан, өткен ғасырдың 80-90 жылдары аты алты Алашқа танылған, айыр көмейі төкпе, суырыпсалма, арқалы ақын еді. Әзімбек сұлу сазымен, әдемі үнімен лирикалық толғақты айтыс жанрын алып келді.

Әзімбек Жанқұлиев 1962 жылы 10 қыркүйекте бұрынғы Свердлов (қазіргі Байзақ) ауданындағы Чапаев атындағы кеңшардың Шахан ауылында туып-өскен. Ол жастайынан қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өлең жазумен әуестенген. 1980 жылы орта мектепті бітірген соң, әскер қатарына шақырылып, 1981 – 1983 жылдары Ауғанстандағы соғысқа қатысқан. Ондағы көрсеткен ерліктері үшін бірнеше медальдармен марапатталған.

Әскерден келгеннен кейін Әзімбек Жанқұлиев аудандық мәдениет бөлімінде қызмет ете жүріп, аудандық, облыстық ақындар айтысына қатысады. Міне, осы кезден бастап ол айтыс өнеріне шындыр біржола бет бұрып, айтыс өнерінің өркендеуіне өзіндік жол салады.

Әзімбек Көпенұлы 1986-1987 жылдары өткізілген облыстық айтыста жүлделі бірінші орынды қанжығасына байлап, Қызылордадағы комсомол жастардың жыр айтысында лауреат атанады. Ал 1989 жылы республикалық айтыста ерекше көзге түсіп, бас бәйгені иеленді. Осыдан соң ол айтыскер ақын ретінде жұртшылыққа кеңінен таныла бастады. Сол жылы Әзімбектің тағы да жолы болып, Семейде өткен «Халық қаарманы Қайрат Рысқұлбеков» атындағы жүлдені жеңіп алған.

Тағы бір тың дерек, 1991 жылы Әзімбек Жанқұлиев пен Мұхамеджан Тазабеков Түркияда тұратын бауырларымыздың шақыруы бойынша сонда барып, өнер көрсеткен. Термеші, жырышы Аяз Бетбаевтың тамаша мақамдарын айтыс сахнасына әкелген Әзімбек Жанқұлиев атамұра өнерімізге олжа салып, талай жерде бәйгелі болып, ел мерейін тасытты. Жалпы, біздің облыста айтыс өнерінің қайта даму кезеңі осы Әзімбектен басталады десек артық айтқандық болмас.

Небары 41 жыл өмір сүрген, Ауған соғысының ардагерін мәңгі есте

қалдыру мақсатында 2010 жылы Байзақ ауданының орталығы Сарыкемер ауылынан арнайы көше берілді. Сонымен қатар, соңғы жылдары ауданда, облыста ақындар айтысы, жыр мүшәйрасы тұрақты түрде өтіп тұрады дейтін болсақ, сондықтан бірі ретінде Байзақ аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде «Алты Алашқа танылған ақын еді...» атты Әзімбек Жанқұлиевті еске алуға арналған облыстық ақындар айтысын айта аламыз. Осымен бірнеше жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан дүбірлі дода жуық арада дүлдүл ақындардың басын қайта қоспақшы. Талантты тұлға, жерлесіміз, ақын Әзімбек Жанқұлиевтің өмірдегі, өнердегі жолы өлеңмен өріліп, елге жеткізілетін іс-шараны үлкендермен қоса, кейінгі жас буын да асыға тосады.

Иә, Әзімбектің қазақтың төл өнеріне қосқан үлесі айтулы. Осындайда Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілді:

... Түбіне жүрегінің толып арман,
Халқының сүйіктісі болып алған.

Айтыстың аспанынан

аққан жұлдыз,

Өнерде құс жолындай

жолы қалған.

Қашанда ірілерді ірі дейік,
Өлмейтін жырғы қалса, тірі дейік.
Қазақтың айтысында Әзімбектің,
Мәңгілік қалды орны үңірейіп,
- деген өлеңі еске орала кетеді. Ендеше, қысқа ғұмырында айтыс тарихына өзіндік қолтаңбасы мен өршіл рухын қалдырған Әзімбекті ақынмен біз мақтанамыз, өнеріне бас неміз.

СЕМИНАР ДЛҰА ПАРТИЙЦЕВ



На днях в офисе Байзакского филиала партии «Нур Отан» состоялся семинар-тренинг. На него были приглашены члены Политсовета районного филиала партии, председатели первичных партийных организаций района.

В работе семинара принял участие консультант Жамбылского областного филиала партии «Нур Отан» К.Тлеуов.

Семинар-тренинг проходил с целью активного обмена опытом среди руководителей первичек, ознакомления участников семинара с навыками и методами партийной работы, в частности, порядком проведения отчетно-выборных собраний.

С вступительным словом выступил консультант областного филиала партии «Нур Отан» К.Тлеуов. Он сказал слушателям о необходимости внедрения новых принципов партийного обучения, в частности, освоения практических навыков и технологий.

«От уровня компетенции и профессионализма нуротановцев на местах зависит успешная реализация предвыборной платформы партии. Мастерское владение словом, знание правил проведения отчетно-выборных собраний просто необходимы для партийцев. Посредством такого обучения центральный аппарат партии получает обратную связь от своих однопартийцев, которые в свою очередь овладевают технологиями совершенствования партийной работы. Что в целом приводит к идеологическому и политическому укреплению рядов «Нур Отана», - сказал он.

Затем участникам семинара был дан показательный «урок» отчетно-выборного собрания.

В качестве образцового и показательного примера выступила председатель первичной партийной организации «Бұрыл» К.Укибаева, которая далее приняла «эстафету» семинара. Она грамотно и по всем правилам провела своё показательное отчетно-выборное собрание: с утверждением повестки дня, регламента, избранием членом бюро первичной партийной организации председателя первичек, делегатов на конференцию и т.д.

«Такие обучающие семинары помогают лучше узнать об эффективных навыках и методах работы, которые необходимы в нашей ежедневной деятельности», - сказала в заключение семинара первый заместитель председателя Байзакского филиала партии «Нур Отан» Ш.Байтакова.

Несмотря на то, что в силу своих обязанностей все председатели первичек в той или иной мере владеют навыками проведения отчетно-выборных собраний, они оценили полезность и значимость семинара.

В эти дни во всех первичных партийных организациях района начались отчетно-выборные собрания.

НАШ корр.

Аудан әкімінің, аудан әкімі орынбасарларының және аппарат басшысының 2016 жылдың IV-тоқсанында жеке және заңды тұлғаларды жеке сұрақтарымен қабылдау КЕСТЕСІ

Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Айлар атауы			Қабылдау бөлмелерінің телефоны
		қазан	қараша	желтоқсан	
Шүкеев Мұратхан Жүнісәліұлы	Аудан әкімі	Әр айдың 1-ші дүйсенбісі сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр айдың 1-ші дүйсенбісі сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр айдың 1-ші дүйсенбісі сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	2-11-52
Қиыбаев Әзімхан Қиыбайұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Әр аптаның сейсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр аптаның сейсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр аптаның сейсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	2-13-42
Кенжебаев Сағымдық Жұмағұлұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Әр аптаның бейсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр аптаның бейсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр аптаның бейсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	2-12-42
Сұлтанбеков Дулат Әбенұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр аптаның сәрсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Әр аптаның сәрсенбісі күні сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	2-14-91
Ақбаев Бақтияр Мұратұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Әр аптаның жұмасы күні сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін	Әр аптаның жұмасы күні сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін	Әр аптаның жұмасы күні сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін	2-10-61

Оқырман ой айтады

ТӘРБИЕШІ-БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАСТЫ ТҰЛҒА

А.ҚУАНЫШБЕКОВА,
“Алтын ұя” балабақшасының
тәрбиешісі. Мырзатай ауылы.

Бала-біздің болашағымыз. Бала отбасы қоғамның ұясы және адам сол ұяда дүниеге келеді. Бұл шағын әлеуметтік топ бала үшін алғашқы өмір мектебі. Ата-ана баланың алғашқы ұстазы және тәрбиешісі. Ата-анасының басшылығымен олар қоршаған дүние туралы бастапқы ұғымдарды меңгереді. Ал мектепке дейінгі мекеме яғни балабақшадағы оқу мен тәрбие бірін бірі сабақтастырып, толықтырып отыратын қос әрекеттің басты қажеттілігі.

Тәрбиешілік жұмыстың қиыны да, қызығы да бар. Қиын дейтінім- әр үйдің еркесін ортаға үйрету, қолына қалам ұстатып мектепке үйрету оңай болып па? Баланың бал қылығына, тәтті тіліне елжірмес жүрек бар ма?

Ұлттың бүгінгі болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың шын мәніндегі азамат болып қалыптасуы

қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні- мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі.

Балабақша оқу- тәрбие үрдісіндегі ойын технологиясының орны мен маңызын анықтау педагогтің ойын қызметін түсінуімен тікелей байланысты. Ойын технологиясының нәтижелілігі біріншіден, оларды қолданудың жүйелілігімен, екіншіден, дидактикалық міндеттермен үйлестірілген ойындардың мақсаттылығымен анықталады. Қазіргі балабақша тәжірибесінде қолданып жүрген сыни ойлауды дамыту технологиясының стратегиялары баланың ойлауына, шығармашылық ізденісіне, тәрбиешінің шеберлігіне жол ашып отыр. Технологияның әдістерін қолдануда тәрбиешілер баланың ойлауына, белсенділігіне, сөздік қорын дамытуға, өзіндік пікірінің қалыптасуына мүмкіндік жасайтындығын жақсы білеміз. Баланың өз ойын сын

тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, бірте-бірте тәрбиешінің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығу танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады.

Сонымен қатар, жекелей жұмыстар, жұптық және топтық жұмыстар арқылы өз ойларын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру, ойланп жауап беру, жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, сыйластыққа, ұйымшылдыққа білім деңгейлерінің жоғары болуына көп әсерлерін тигізеді.

Сойтіп жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашады. Елбасы айттып өткендей «Сабақ беру үйреністікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» - дегендей балаларды терең де тиянақты біліммен қаруландырсақ ғана «балғын талдар» өркенін кеңге жаймақ.

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМУТЕТІ ТАҒЫ ДА АВТОМОБИЛЬ ҰТЫСЫН ӨТКІЗЕДІ!

Бұл туралы журналистер мен блогерлерге МКК өткен брифингте ведомствонң жана ресми өкілі Мұрат Жұманбай хабарлады.

Өткен жылы «Атамекен» ҰКП-ның қолдауымен МКК республика аумағында «Чекті талап етіп жүлде ұтып ал» атты акциясын өткізген. Оның аясында 200-ден аса жүлде, оның ішінде бас жүлде – Chevrolet маркасының автокөлігі ұтысқа салынып, өз иелерін тапты.

Азаматтар акцияға қатысуы үшін сатып алған тауар, қызмет немесе жұмыс бойынша фискалды чектарды мемлекеттік кіріс органдарына беруі керек еді.

Республика бойынша акцияға 2 млн. аса адам қатысып, 10 млн. аса чекті жіберді.

Акцияны өткізу нәтижесінде заңнан тыс жұмыс істеп келген 9 мыңнан аса жеке кәсіпкер салықтық тіркеуге қойылды, 8 мыңнан астам бақылау кассалық аппараттар тіркелді.

М.Жұманбай, қазақстандықтар өздерінің белсенді әрекеті арқылы көлеңкелі экономика көлемінің азаюына және кәсіпкерлер арасында адал бәсекелестіктің дамуына өз үлестерін қосқандығын атап өтті.

Ол осы жылы да МКК азаматтарымызға салықтық заңнаманы сақтау бойынша қоғамдық бақылауға қатыса отырып, бағалы жүлделер ұтып алуға мүмкіндік беретіндігін жария етті.

Мәселен, ағымдағы жылғы 1 қазанда «Атамекен» ҰКП-ның қолдауымен МКК «Чекті талап етіп, жүлде ұтып ал!» акциясын бастайды.

Оның мақсаты азаматтардың товар, жұмыс және қызмет тұтынушысы ретіндегі өз мүдделерін қорғау бойынша құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

М.Жұманбайдың айтуынша өткен жылғы акция әрбір аймақта бөлек және түрлі нысандарда өткізілген. Бір жерде чектер WhatsApp қосымшасы арқылы қабылдана, енді бір жерде қағаз лотерея билеттеріне ауыстырылып, жеңімпаздар лотереялық барабан арқылы анықталды.

Оның қортындыларын жасаған кезде біз акция болашақта автоматтандырылып, орталықтанған сипатта өтетінін уәде еткенбіз.

«Сондықтан осы жылғы акция «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының қаржылық қолдауымен электрондық форматта көлеңкелі экономикаға қарсы «Wiron» мобилді қосымшасы арқылы өткізіледі», - деп еске салды М.Жұманбай.

Бұл мобилді қосымша таза қазақстандық өнім болып табылады. Отандық мамандар дайындаған бұл қосымшаны ақысыз көшіріп алып, смартфондардың барлық түрлері мен басқа да гаджеттерде пайдалануға болады.

Акцияға өздері тұтынған тауар, жұмыс немесе қызмет үшін берілген фискалды чектің фотосын жіберген Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Егер фискалды чек берілмеген жағдайда, азаматтар бұл бұзушылықтарды көрсетіп шағым жібере алады.

Іс-шара ағымдағы жылғы 1 қазан мен 15 желтоқсан аралығында өткізіледі. Осы кезеңде барлық облыстар мен Астана және Алматы қалаларында ай сайын жүлделердің ұтысы мен оларды табыстау өтеді.

Бас финал жылдың аяғында Мемлекеттік кірістер комитетінде болады. Онда бағалы жүлделер, оның ішінде бас жүлде – автокөлік ұтысқа салынады.

Жүлделер бизнес-қауымдастықпен ұсынылып отыр.

Ұтыс жеңімпаздары чекті кездейсоқ таңдау әдісімен анықталатын болады. Қаншалықты көп чек жіберілсе, жүлдені ұтып алу мүмкіндігі де соншалықты өсе түседі.

Қайталанып жіберілген чектер ұтысқа қатыспайды.

«Жеңімпаздарды анықтау үрдісінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін әрбір облыс пен Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер комитетінің жанында құрамына кәсіпкерлер қауымдастығы, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіретін комиссиялар құрылады», - деп түйіндеді ресми өкіл.

Йод тапшылығы ауруларының алдын алу

Б.АБУОВ,
Байзақ аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы.

Йод тапшылығы аурулары - қалқанша без қызметінің бұзылуынан туындайтын наукасты айтамыз. Негізінен бұл дерт ағзадағы йод мөлшерінің төмендеуінен туындайды. Әсіресе, балалардың интеллектуалдық дамуын тежеп, туа біткен түрлі кемістіктердің болуына әкеп соғады. Сәбилер өлімін өсіріп, жүйке жүйесі бұзылуының (мәселен, көру және есту мүмкіндіктерін шектеуі) басты факторы болып табылады. Ересек адамдар үшін йод қабылдаудың нормасы тәулігіне 150-ден 200 микрограмм болуы тиіс. Ал, жүкті және бала емізетін әйелдер үшін көрсеткіш 200-300 мкг-ге дейін көтеріледі. Тағамдардың арасында йод мөлшері мейлінше жоғары өнім - теңіз балықтары мен теңіз өнімдерін (800-1000мкг/кг) айтуға болады. Әсіресе, теңіз балдырлары. Халық арасында танымалы-теңіз қырыққабаты (ламинария). Сондай-ақ йод балық майында да көп. Одан кейінгі сатыда - сүт, жұмыртқа, ет және бидай өнімдері тұр. Йод тапшылығын қазірде қарапайым тұзды бұл өніммен байыту арқылы жоюдамыз. Йодталған тұз нанға, су мен өзге де өнімдерге қосылады. Сөйтіп, әр адам күнделікті ағзаға қажет мөлшерді алуға. Адам күн сайын йодталған тұзды тағам арқылы ала отырып, ағзаға қажет микроэлементтің түптілікті сұранысын қанағаттандырады. Айта кету керек, бұл йод тапшылығын алдын алудың ең тиімді әдісі. Өйткені, тұз-тағамға арнайы өңделмей қосылатын жалғыз минерал болып табылады. Қалғи йодаты көп уақытқа сақтау кезінде де, тағамды термикалық өңдеу кезінде де өз күшін жоймайды. Және өнімдердің түсі мен дәмі де оған еш әсері жоқ. Шындап келгенде, йодпен қаныққан тұз - дәрі емес. Ол қарапайым тағам, нақтырақ айтсақ, профилактикалық өнім. Сондықтан, оның адамға еш кері әсері жоқ. Қазақстан Республикасының «Йод тапшылығы ауруларын алдын алу» туралы заңы арқылы ел тұрғындарының бұл сырқатқа қарым-қатынасы реттеліп отырады. Әсіресе, профилактикалық іс-әрекеттер. Бұл ретте, йодпен байытылған тұзды және сол секілді өзге де өнімдерді өндіру науқаны, тасымалдау мен саудалау, сапасы мен қауіпсіздігі заңды тұрғыда бақылауға алынған.

ҚАЙЫРЫМДЫ ЖҮРЕК-ЖОМАРТ ҚОЛ

Жомарттық-асыл қасиеттердің бірі. Жомарт болу - өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу. Жүрегі мейірімге толы азаматтың бірі, аудандық мәслихаттың депутаты Артықбай Үкібаев. Атпал азамат аудан, облыс аумағында өтетін игілікті істерге белсене қатысып, өзінде барымен бөлісіп отырады.

Таяуда Артықбай Нариманұлы көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатқан Н. Киікбаев атындағы орта мектебінің 6 "б" сынып оқушысы Биби Мариям Мырзабаеваға жылы күртешені сыйға тартып, жас өскінді қуантты. Жүрегінің иманы бар Артықбай Үкібаев соғыс және еңбек ардагерлеріне, ақ жаулықты аналарға, республикалық "Мектепке жол" акциясы мен халықаралық карттар, мүгедектер күніне орай өтетін шараларға өзінің үлесін қосып, өзгелерге үлгі көрсетіп жүр.

Өз тілшіміз.

Өнерсүйер қауымның назарына!

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Байзақ аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде 2016 жылдың 14-ші қазанында "Алты Алашқа танылған ақын еді..." атты Әзімбек Жанқұлиевті еске алуға арналған облыстық ақындар айтысы өтеді.
Айтысқа республикаға танымал ақындар Алтынқұл Қасымбекова, Алик Бекмұсаев, Ербол Қамбатыров, Күміскүл Сәрсенбаева, Айтмұханбет Исақов, Базарбай Асқаров, Ертай Тазабеков және тағы да басқа танымал ақындар қатысады.
Басталуы сағат 10.00-де. Айтысқұмар ағайын! Келіңіздер, көріңіздер, тамашалаңыздар!

Барлық жұмыс берушілердің назарына!

2017 жылға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №516 бұйрығына сәйкес, ақылы қоғамдық жұмыстарды, әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар практикасын ұйымдастыру үшін, қаржыландыру шегіне байланысты жыл сайын 1 қарашаға дейінгі мерзімге "Халықты жұмыспен қамту орталығы" жұмыс берушілерден алдағы қаржы жылына өтінімдер жинауды жүзеге асырады. Сондықтан халықты жұмыспен қамту орталығына үстіміздегі жылдың 25-ші қазанына дейін тапсырыс берушілер сұраныстарын беріп үлгерулері тиіс. Қараша айының 1-нен бастап қабылдау тоқтатылады.

ЦИРК ИМПЕРИЯ ШАПИТО ПРИГЛАШАЕТ ВСЕХ ЖЕЛАЮЩИХ!

15-16 октября в 16.00 часов на центральном стадионе села Сарыкемер состоится эксклюзивное цирковое шоу в 2-х отделениях. В программе фантазия с обручами, жонглёры, воздушные гимнасты, мимы, эквилибристы, а также аттракцион животных и весёлые клоуны.
Стоимость билетов от 1000 до 2500 тенге.
Дети до 3-х лет - бесплатно.
Контактный телефон: 8 776 646 42 34.

T-343-10-98.

ЖАБАРЛАНДЫРУЛАР

T-344-10-98. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Жетібай ауылы, Жұмдиллов көшесі №23 үйдің тұрғыны болған **Копенов Лестің** 2016 жылдың 16 шілдесі күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

T-345-10-98. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, С.Абдықұлов (Комарова) көшесі 41 пәтер, №2 үйдің тұрғыны болған **Маделиев Кутбайдың** 2016 жылдың 5 күнкіуегі күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

T-346-10-98. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қызыл жұлдыз ауылы, Төртаев көшесі №89 үйдің тұрғыны болған **Джембетов Кенжебайдың** 2015 жылдың 3 ақпаны күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі №33 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері З.Назарбековаға жолығулары керек.

T-347-10-98. 1990 оқу жылында Жамбыл облысы, Талас ауданы, А.Дәулетбеков атындағы орта мектептің 11-сыныбын бітіргендігі туралы **Жаманкулова Рабига Жетібаевнаның** атына берілген сериясы А №161543 нөмірлі **аттестат (баға туралы қағазымен қоса)** жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ
Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМУРАТОВА

Кезекші М.МАНЕКЕЕВ

МЕНШІК ИЕСІ-
"Байзақ аудандық "Ауыл жаңалығы".
"Сельская новь" газетінің редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 "б" үй. Қалыбы ЖШС "Қанатты қалам әлемі" баспаханасында жасалып, көбейтілді.
Таралымы 2960 дана. Тапсырыс №991.
Газет аптасына екі рет, **сәрсенбі, сенбі** күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.
© - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:
Индекс 080100.
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
М.Х.Дулати көшесі,
10 "а" үй.



Директор: 2-28-60.
Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.
Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.
Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz
Эл.почта: auil@mail.ru